

2024-2025 оқу жылында «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын іске асыру жоспары

р/с	Айы/ құндылық атауы	Іс-шара атауы/түрі	Мақсаты	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қыркүйек Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы	«Күз- еңбек айы» (1-сыныптар сурет салу)	<i>Еңбекқорлық ұғымын анықтай отырып, баланы жастайынан еңбекке баулу.</i>	19.09	Сынып жетекшілер Мошқал Г.М Жусупова С.Х
		«Мамандықтың бәрі жақсы» (2-3- сыныптар сурет салу)	<i>Балалардың қызығушылығын арттыру, үлкендердің еңбегін арттырып, бағалауға үйрету</i>		
2		«Еңбек етсең ерінбей...» (4- сыныптар, айналаны тазарту шаралары)	<i>«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын жандандыру мақсатында өткізілетін айналаны тазарту шаралары.</i> <i>Еңбекқорлық ұғымын анықтай отырып, баланы жастайынан еңбекке баулу.</i>	27.09	Сынып жетекшілер Караконысова Г.Б Досанова Қ.Д
3		«Қыз еркем кестесімен көркем, Ұл еркем- өнерімен көркем» (көрме 5-7 сыныптар)	<i>Білім алушыларды адал еңбекке баулу, еңбектің қоғамдағы рөлін түсіндіру және адал табыс пен адал еңбектің маңызын бағалау.</i>	13.09	Бибекөв Қ. Ахатай А.
4		«Мамандықпен болашаққа нық қадам» (өнегелі 15 минут, 9-10-11- сыныптар)	<i>Мамандық таңдау- тек оқу мен диплом алу ғана емес, бұл- өз өмір жолыңды дұрыс таңдау екенін ұғындыру. Кәсіби бағдар беру.</i>	25.09	Әділханов М.

«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында мектепшілік «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы» бағытындағы қыркүйек айына арналған іс-шара жоспарының өткізілгені бойынша ақпарат

Негізі: «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы

Мақсаты:

Еңбекқорлық ұғымын анықтай отырып, баланы жастайынан еңбекке баулу. Балалардың қызығушылығын арттыру, үлкендердің еңбегін арттырып, бағалауға үйрету.

Міндеттері:

- кіші жастан еңбек ете білуге үйрету,
- үлкендердің еңбегін арттырып, бағалауға, оларға деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету;
- білім алушылардың «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын жандадыру мақсатында өткізілетін айналаы тазарту шараларына белсене қатысуға ықпал ету.

р/с	Іс-шара тақырыбы	Сыныптар	Жауаптылар	Мерзімі
1	«Күз – еңбек айы» сурет көрмесін ұйымдастыру	1-сыныптар	Сынып жетекшілер Мошқал Г.М. Жусупова С.Х.	19.09
2	«Мамандықтың бәрі жақсы» сурет көрмесін ұйымдастыру	2-3-сыныптар	Сынып жетекшілер Мошқал Г.М. Жусупова С.Х.	19.09
3	«Еңбек етсең ерінбей...» 4-сыныптар, айналаны тазарту шаралары	4-сыныптар	Сынып жетекшілер, Қараконысова Г.Б. Досанова К.Д.	27.09
4	«Қыз еркем кестесіме көркем, Ұл еркем өнерімен көркем» көрме	5-7-сыныптар	Бибекөв Қ. Ахатай А.	13.09
5	«Мамандықпен болашаққа нық қадам» өнегелі 15 минут	9-11-сыныптар	Әділханов М.	25.09

Жоспар бойынша алғашқы жұмыс күз мезгіліне арналып, 1-сынып оқушылары арасында «Күзгі еңбек» тақырыбында әңгіме жүргізілді. Сол әңгімелесуден түйген ойлары бойынша оқушыларға сурет салу тасырылды.



2024 жылдың 19 қыркүйегінде мектептің 2-3 сынып оқушылары арасында «**Мамандықтың бәрі жақсы**» тақырыбында қызықты әрі мазмұнды іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, олардың маңыздылығын түсіндіру және оқушылардың болашақ мамандығын таңдауына бағыт беру.

Іс-шара сурет салу форматында өтті. Оқушыларға түрлі мамандықтар туралы сұрақтар қойылып, олар өз ойларын ортаға салды. Балалар дәрігер, мұғалім, құрылысшы, аспаз және басқа да мамандықтарды сипаттап, олардың атқаратын қызметтерін анықтады. Әр бала өзіне ұнайтын мамандық туралы әңгімелеп, болашақта қандай маман болғысы келетінін айтты.

Сабақ барысында балалар сурет салып, таңдаған мамандықтарының бейнесін қағаз бетіне түсірді. Оқушылардың әрқайсысы өз таңдауларын шығармашылық тұрғыда көрсетті. Кейбірі дәрігер халатын киген, кейбірі құрылыс құралдарымен сурет салды.

Мұндай іс-шаралар балалардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектеседі. Балалар мамандықтардың бәрінің қоғам үшін маңызды екенін түсініп, еңбекке деген сүйіспеншілік қалыптастыра бастады.

Күз - молшылық белгісі. Оқушылар мектебіне асығатын, бау-бақша жиналып, қырман басы тазаратын, қыс қамына дайындық басталатын қауырт еңбек кезеңі. Биылғы күздің өз ерекшелігі бар.

Айналамыз алтын түске боялатын ең асыл, әдемі, алтын мезгілдің адамзатқа берген сыйы мен қазынасын көрсетіп, 1-сынып оқушылары «Күз еңбек айы» тақырыбында сурет салды.

Бұл іс-шара жауапты тұлғалардың: Мошқал Гүлзат пен Жусупова Салтанат мұғалімдерінің ұйымдастыруымен жүзеге асырылды. Оқушылардың салған суреттері мектеп қабырғаларына ілінді.

Қыркүйектің 27 жұлдызында ұйымдастырылған «**Еңбек етсең ерінбей**» атты **4 сыныптар** арасында айналаны тазарту шарасы өтті. Ең алғаш балаларға «Таза ауа- салауатты өмірдің негізі» екенін түсіндірілді. Жалпы шараға 8 сынып қатыстырылды.

Алғашқы сәтте әрбір сынып өз бөлмелерінің тазалығына жұмыла кірісіп, қай жерде отырса да айнала тазалығы өздерінің еңбектенуі арқасында болатынын түсініп, «Тазалық – денсаулық кепілі» екеніне көздері айқын жетті. Мектептегі өзге тазалық қызметкерлеріне өз көмектерін беріп, олардың еңбегін бағалауға талпынды. Содан соң бөлме өсімдіктеріне күтім жасау арқылы айналаны көгалдандыру – таза ауаның жасыл желекке қатысты болатынын сезініп, өсімдіктерге қамқорлық жасап, күтіп- баптау қажеттілігін анықтады.

Айналаны тазарту шарасы- әрбір оқушының ең басты міндеті әрі еңбегі.

Сондықтан мектепте, отбасында, табиғат аясында айналаны таза ұстау, қоршаған ортаға қамқорлық жасау керектігі туралы ойларын арттырып, еңбексүйгіштікке тәрбиеледік. Бұл іс-шара жауапты тұлғалардың: Қарақонысова Гауһар мен Досанова Қуаныш мұғалімдерінің ұйымдастыруымен жүзеге асырылды.

Сонымен қатар оқушылар апта күндері бойынша өткізілетін іс-шаралары «Кәсіби бағдар» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Оқушылар мамандықтар туралы бейнеролик қарап,

жасырылған жұмбақтарды шешті. Оздерінің, болашақта қандай маман иесі болатындары туралы сурет салып, әңгімелеп берді. Оқушылар полиция қызметкері, ұстаз, дәрігер, президент, аспаз, киім дизайнері, ғарышкер, футбол ойыншысы, бизнесмен атты мамандық иелері туралы білетіндерімен бөлісіп, арман-мақсаттарына жету жолдарын айқындады. Барлық мамандық иелерінің, Қазақстан елінің дамуына қызмет атқаратындығына, әр мамандықтың маңыздылығына, болашақтарының, жарқын болатынына көз жеткізді.

<https://www.instagram.com/reel/DAPfowpIBIX/?igsh=dTB1bnBoM20zYWFj>

<https://www.instagram.com/reel/DAVV4tUuHeY/?igsh=MTlxZWRjanQxOWtwOA==>

<https://www.instagram.com/reel/DAQHKnauetO/?igsh=bnhqejRsem5qZzlo>



"Табиғатты қорғау - біздің міндетіміз" тақырыбында сынып сағаты өтілді. Табиғат адам өмірінің, тірегі екенін түсінді. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайтынын біліп, табиғатты қорғап, таза ұстауымыз керек екенін түсінді.



Қыркүйек айына жоспарланған іс –шаралар уақытында өтіп отырды. Жауапкершілікті сезініп, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде өз үлесін қосып, белсенділік танытқан ұстаздарға алғыс айта отырып, шығармашылық табыс тілеймін!

Жауапты:бастауыш сынып мұғалімі, Абдирова Ләззат Амановна
Омарова Айжан Мухаммедхалиевна